

СІЗДІҢ ДУАДАҚҚА КӨМЕГІҢІЗ:



Аңшыларға дуадақтың жойылып бара жатқан түр екенін және оны аулауға тыйым салынғанын айтып беру

Аң аулау ережелерін бұзу туралы уәкілетті органға хабарлау



Ауыл шаруашылық жұмыстарынан ұя салу орындары мен балапандардың жоғалуын азайту жолдары туралы BRCC-пен кеңесу мүмкіндігі туралы фермерлерге хабарлау



Өз иттеріңізді қараусыз қалдырмаңыз

Қаңғыбас иттер туралы уәкілетті органға хабарлаңыз



Қаза болған құсты көрсеңіз, бізге хабарлаңыз

МЕН ҚАЛДЫ КӨМЕКТЕСЕ АЛДЫМЫН?

CRITICAL ECOSYSTEM
PARTNERSHIP FUND



BRCC

Biodiversity Research & Conservation



Байланыс:

«Биологиялық алуантүрлілікті зерттеу және сақтау орталығы» ҚҚ (BRCC)

Мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көш., 12/1, 420 кеңсе, 010000


телефондар:

+7 776 630 7576

+7 702 922 9897

e-mail: office@brcc.kz

сайт: www.brcc.kz



ДУАДАҚТЫ САҚТАЙЫҚ -

Түркістан облысының мақтанышы!



Дрофа (Otis tarda)
© Игорь Землянский

Олардың саны

1000-нан
аз қалды!



Жойылып кету қаупі төнген бірегей құсты сақтауға Түркістан облысының тұрғындары жауапты!



Дуадақты табиғатта көру - өте әсерлі көрініс.

► **Дуадақтардың аталықтарының салмағы 17 кг-ға дейін жетеді. Олар ұшатын құстардың ішіндегі ең ауыры!**

Аналықтары әлдеқайда кішкентай және салмағы шамамен 5 кг.



Аталық дуадақ

Дуадақтар ашық ландшафттарда тіршілік етеді. Олардың табиғи мекендейтін жері – аралас шөпті далалар болып табылады. Көптеген далалық мекендеу орындары егістік алқаптарға ауыстырылғандықтан, дуадақтар бейімделіп, қазір тәлімдік алқаптар мен және тыңайған жерлерде тіршілік етеді. Дуадақ суармалы егістік алқаптарға жоламайды. Дуадақ жәндіктермен, ұсақ омыртқалылармен, бүршіктермен, тұқымдармен және әртүрлі өсімдіктердің жапырақтарымен қоректенеді.

Көбею кезеңінде (сәуірден маусымға дейін) аталықтары құс ойнақтаға жиналып, күрделі жұптасу рәсімін жасайды.

Аталық құстар жұмыртқа басуға да, балапандардың кейінгі тіршілігіне да қатыспайды.



Аналық дуадақ

Ұя - бұл жердегі жай кішкене шұңқыр. Сондықтан жұмыртқа мен балапан жыртқыштарға (қарғалар, түлкілер, қаңғыбас иттер) өте ұрымтал.

Дуадақтар үркек және жақын жерлерде ауыл шаруашылығы жұмыстары жүргізілген кезде ұяларын жиі тастап кетеді.

Күркетауық немесе қаз сияқты басқа ірі құстардан айырмашылығы, дуадақ тек екі, сирек жағдайда үш жұмыртқа салады. Балапандары ауа-райының өзгеруіне сезімтал келеді, ал тіршіліктерінің алғашқы апталарында олар өздері қоректеніп алмайды - аналығы оларды әр қоректі бөліп созып, азықтандырады. Орташа алғанда, бір аналыққа бір балапан күзге дейін аман қалады. Дуадақ жетінші жылында ғана толық жетіледі. Құстардың кейбіреуі жұптасу жасына дейін тіршілік ете алмауы мүмкін, сондықтан олардың әрқайсысының жойылуы - түрді сақтау үшін үлкен соққы болып табылады! Балапандардың тіршілік ету деңгейінің төмендігімен және басқа факторлармен үйлескенде, бұл олардың тез жойылып кетуіне әкеледі!

► **Дуадақтар 20 жылға дейін тіршілік ете алады**

Дуадақтар мекендеу аймақтарына байланысты отырықшы немесе жартылай көшіп-қонатын түр болып табылады. Жылдың суық мезгілінде кейбір құстар қары аз жерлерге қоныс аударады.

Бір тұқымдастың жақын туыстары:



Жек

Жек (*Chlamydotis macqueenii*)

Дуадақтың «ортаншы ағасы». Сазды, тасты және сортаңды шөлдер мен шөлейттерді, тұрақты шағылдар мен шөлді тау етегіндегі аймақтарды мекендейді. Суат орындарына бармайды. Барлық ылғалды қорегінен алады. «Араб» аңшылығының нысаны.

Безгелдек (*Tetrax tetrax*)

Дуадақтың «кіші інісі» көлемі тауықтікіндей. Жазық және сәл төбелі далалар мен шөлейттерде ұя салады. Ұшып бара жатқанда ысқырық немесе оғаш айқай түрінде дыбыс шығарады.



Безгелдектің аталығы



Аталық дуадақтың жұптасу мінез-құлқы

Қазіргі уақытта жер бетінде 30 мыңнан сәл астам дуадақ бар. Олар Пиреней түбегінде, Орталық және Шығыс Еуропа мен Азияда тіршілік етеді.

► **Қазақстанның Түркістан облысында 100 ден аспайтын жұп ұя салады, ал қыстауда**

Мұнда олар ұя салады, сонымен бірге көші-қон кезінде демалады және ауа райының реті келсе, қыстап қалады. Бұл Түркістан аймағын Қазақстандағы және бүкіл Орталық Азиядағы түрдің тіршілік етуінің негізгі аймағына айналдырады!



► **Дуадақ Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына және Халықаралық ТҚХО Қызыл тізіміне енгізілген**